# Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы" 2003 жылғы 19 наурыздағы № 1042 және "Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы" 2006 жылғы 1 ақпандағы № 56 жарлықтарына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 971 Жарлығы

Қазақстан Республикасының Президенті мен Үкіметі актілерінің жинағында жариялануға тиіс

ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:

1. Қазақстан Республикасы Президентінің мынадай жарлықтарына өзгерістер енгізілсін:

1) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2003 жылғы 19 наурыздағы № 1042 Жарлығына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 2003 ж., № 11, 125-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Адам құқықтары жөніндегі комиссияның құрамына:

| | |
|---|---|
| Ким Георгий Владимирович | - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша) |
| Соловьева Айгүл Сағадибекқызы | - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты (келісім бойынша) |

енгізілсін;

көрсетілген Комиссияның құрамынан Г.Н.Әбдіқалықова, С. Ж. Жалмағамбетова шығарылсын.;

2) «Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы» Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы № 56 Жарлығына (Қазақстан Республикасы ПҮАЖ-ы, 2006 ж., № 5, 39-құжат):

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия туралы ережеде:

3-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«1) «Қазақстан-2050» Стратегиясы: қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты», Қазақстан Республикасында Гендерлік теңдіктің 2006-2016 жылдарға арналған

стратегиясы мен Қазақстан қатысушысы болып табылатын отбасы және гендерлік теңдік мәселелері жөніндегі халықаралық шарттардың аясында, отбасына, әйелдер мен ерлердің теңдігіне қатысты басымдықтарды айқындау, кешенді мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру жөнінде ұсынымдар тұжырымдау;»;

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«7. Комиссия төрағадан, төраға орынбасарларынан, хатшыдан және оның мүшелерінен тұрады. Қазақстан Республикасының Президенті оның дербес құрамын айқындайды.»;

12-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

«4) Комиссия отырыстарын шақырады және оларға төрағалық етеді. Комиссия төрағасы болмағанда отырыстарға Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі төрағалық етеді;»;

12-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«12-1. Комиссия төрағасы болмаған кезде Комиссияның қызмет құжаттарына, ұсынымдары мен қорытындыларына Комиссия төрағасы орынбасарларының бірі қол қояды.»;

жоғарыда аталған Жарлықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның құрамы осы Жарлықтың қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы Жарлық қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы Президенті Н.Назарбаев*

Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 4 желтоқсандағы № 971 Жарлығына ҚОСЫМША

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 1 ақпандағы № 56 Жарлығымен БЕКІТІЛГЕН

## Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның ҚҰРАМЫ

Әбдіхалықова Гүлшара Наушақызы - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы, төрайым

Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызы - Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясының мүшесі, төраға орынбасары (келісім бойынша)

Тарасенко Елена Ивановна - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты, төраға орынбасары (келісім бойынша)

Сыздықова Шолпан Викторовна - «Деловой мир Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры, «Деловой мир» қазақстандық экономикалық журналының бас редакторы, хатшы (келісім бойынша)

Айтпаева Сәуле Мұханбедианқызы - Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің төрайымы

Әбілдина Қарақат Түлкібайқызы - әнші, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі (келісім бойынша)

Әбілқасымова Мәдина Ерасылқызы - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика вице-министрі

Азимова Эльвира Әбілқасымқызы - Қазақстан Республикасы Әділет вице-министрі

Байқошқарова Салтанат Берденқызы - «Экомед» адам ұрпағын өрбіту емханасының жетекшісі (келісім бойынша)

Бортник Михаил Михайлович - Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты (келісім бойынша)

Ибрагимова Ләззат Еркінқызы - «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» акционерлік қоғамының басқарма төрайымы (келісім бойынша)

Қалтаева Ләззат Молдабекқызы - «Шырақ» мүгедек әйелдер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігінің төрайымы (келісім бойынша)

Құрманбаева Шырын Асылханқызы - Қазақ гуманитарлық-заң инновациялық университетінің ректоры (келісім бойынша)

Мүкей Айгүл - «Астана ЭКСПО-2017» Ұлттық компаниясының баспасөз хатшысы (келісім бойынша)

Мұсақожаева Айман Қожабекқызы - Қазақ ұлттық өнер университетінің ректоры (келісім бойынша)

Назарбаева Сара Алпысқызы - Қазақстан Республикасының Бірінші Ханымы (келісім бойынша)

Нүкетаева Динар Жүсіпәліқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университеті» республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорнының ректоры (келісім бойынша)

Омарбекова Жұлдыз Қажыкенқызы - «Бауыржан» қоғамдық қайырымдылық қорының президенті (келісім бойынша)

Сәрсембаева Раушан Біргебайқызы - «Қазақстанның іскер әйелдері қауымдастығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің президенті (келісім бойынша)

Тұтқышев Бексұлтан Серікбайұлы - «Назарбаев Университетінің» біріккен академиялық денсаулық сақтау жүйесі департаментінің бас менеджері (келісім бойынша)

Хайруллина Әсия Үкіқызы - «Шығармашылық бастамашы әйелдер лигасы» қоғамдық бірлестігі басқармасының төрайымы (келісім бойынша)

Шәукенова Зарема Қаукенқызы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Ғылым комитетінің философия, саясаттану және дінтану институтының директоры (келісім бойынша)

Ықсанова Гүлнар Мұстахимқызы - Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрайымы (келісім бойынша)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК